

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ  
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ  
ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛЫ  
ISSN 2788-5283  
eISSN 2788-5291  
TOM 81, НӨМІРІ 1(2026), 250-262

ЭОЖ 34:4414  
FTAMP 10.27.61  
DOI 10.52026/2788-5291\_2026\_81\_1\_250  
Ғылыми мақала

© К.А. Байжомартова<sup>1\*</sup>, А.А. Мұқашева<sup>2</sup>, А.Б. Ордабаева<sup>3</sup>, 2026

<sup>1,2</sup> Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> Алматы менеджмент университеті, Алматы, Қазақстан

(e-mail: <sup>1</sup>karlygash.baizhomartova@narхоз.kz; <sup>2</sup>anor.mukasheva@narхоз.kz; <sup>3</sup>oab1609@mail.ru)

## ҮЛКЕН ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

**Аннотация.** Мақала «үлкен деректер» терминінің дамуын талдауға және оны әртүрлі елдердегі құқықтық реттеудің заманауи тәсілдеріне арналған. Авторлар дербес деректерді қорғаудың, Big Data пайдалану кезінде кемсітушілікке жол бермеудің және ұлттық қашықтан сәйкестендіру жүйесін дамыту қажеттілігінің маңыздылығын атап көрсетеді. Қазақстандық контекст, атап айтқанда, Кореяның, Сингапурдың, Еуропалық Одақ елдерінің және басқа мемлекеттердің технологиялық платформаларды қалыптастыруда және үлкен деректерді құқықтық реттеуде халықаралық тәжірибесін пайдалануды көздейтін 2023-2029 жылдардағы цифрлық трансформация тұжырымдамасы қарастырылуда. Дербес деректерді қорғау, Big Data технологияларын қолдану кезінде кемсітушілікке жол бермеу және қашықтан сәйкестендірудің ұлттық жүйесін құру қажеттілігі мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Зерттеудің маңызды аспектісі - шетелдік тәсілдерді салыстырмалы талдау. Еуропалық Одақ - GDPR жеке деректерді қорғаудың жоғары стандарттарын қалыптастыратын реттеуші көшбасшы ретінде ұсынылған.

Бұл мақалада сондай-ақ, БҰҰ, Еуропалық Одақ (ЕО) және Дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты ұйымдардың үлкен деректерді қорғау саласындағы қызметтері қарастырылады. БҰҰ-ның деректерді қорғаудың жаһандық жүйесін қалыптастырудағы көпжақты қатысуы талданады. Негізгі назар Еуропалық одақтың үлкен деректерді қорғау саласындағы заңнамасына - GDPR (жеке деректерді қорғаудың жалпы регламентациясы) аударылады. Цифрлық технологиялардың азаматтардың жеке деректерін қамтамасыз ету және қорғауға әсер ету мәселелері зерттеледі. Цифрландыру жағдайында адам құқықтарын қамтамасыз етуге арналған халықаралық конвенцияны БҰҰ қабылдауы қажеттігі туралы қорытынды жасалған. Конвенцияға келесі мәселелер енгізілуі тиіс: жеке өмірдің құпиялылығын және жеке деректерді қорғауды қамтамасыз ететін кепілдіктер; үлкен деректер мен жасанды интеллекттің айқындылығына қатысты ережелер; халықаралық бақылау және шағымдарды қарау механизмдері.

**Түйін сөздер:** үлкен деректер; жасанды интеллект; халықаралық ұйымдар; ақпаратты қорғау; цифрландыру; цифрлық құқықтар.

### Кіріспе

Жасанды интеллект (бұдан әрі - ЖИ) қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің неғұрлым қарқынды дамып келе жатқан болашағы зор бағыттарының бірі болып табылады. ЖИ технологияларының эволюциясы оларды әлеуметтік және экономикалық процестердің кең ауқымына енгізу мүмкіндігін арттырып, мемлекеттік басқарудан бастап құқықтық реттеу мен өндірістік салаларға дейін елеулі ықпалын тигізуде. Қазақстан Республикасында ЖИ жүйелерін қолдану мәселесі ұлттық цифрландыру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде айқындалып, қоғам өмірінің көптеген секторларын қамтып отыр. Зияткерлік ақпараттық

технологияларды дамыту және халықтың өмір сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан ЖТ-ні зерттеу мен оны практикалық қызметке, соның ішінде нормашығармашылық үдерістерге енгізу бойынша институционалдық және құқықтық негіздерді қалыптастыруда.

Үлкен деректерді талдау негізінде жасанды интеллект қоғамдық пікірді, сондай-ақ құқықтық реттеуді өзгертуге қатысты қоғамның нақты сұрансытарын айқындауға қабілетті [1, 31-б.]. Мұндай мүмкіндік тек өңірлік деңгейдегі үрдіс қана емес, сонымен қатар халықаралық кеңістікте де байқалатын жаһандық тренд болып табылады. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (ДЗМҰ) атап

\* хат-хабарларға арналған автор. E-mail: karlygash.baizhomartova@narхоз.kz.

өтуінше, жасанды интеллект техника мен бизнес салаларындағы прогрестің маңызды қозғаушы күшіне айналып келеді. ЖИ түрлі салаларда кеңінен қолданылып, шығармашылық қызметтің дерлік барлық аспектілеріне әсерін тигізуде. ЖИ-дің жедел дамуына оны оқытуға арналған үлкен деректер көлемінің артуы және қолжетімді есептеу қуаттарының өсуі айтарлықтай ықпал етеді. Осыған байланысты жасанды интеллект пен зияткерлік меншік (ЗМ) жүйесі арасында өзара байланыс нүктелері ерекше көбейіп отыр [2, 23-б.].

Бүгінде негізгі мәселелердің бірі – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) кеңістігін реттейтін бірыңғай халықаралық-құқықтық режимнің болмауы. Қазіргі таңда бұл салада тек халықаралық құқықтың жекелеген жалпыға танылған нормалары мен әртүрлі ұлттық заңнамалық актілер ғана қолданылуда, бұл өз кезегінде құқықтық реттеудің бытыраңқылығын сақтап отыр.

Әртүрлі қоғамдық қатынастардың цифрлануы және деректер экономикасына көшу қолданыстағы құқықтық реттеудің трансформациясын талап ететін жаңа мәселелерді алға шығарып отыр. Бұл жағдай деректер саласындағы жаңа құқықтық режимдерді әзірлеуді және қолданыстағыларын оңтайландыруды қажет етеді. Әсіресе, үлкен деректерді өңдеу немесе олардың айналымы жүзеге асырылатын қатынастар ерекше маңызға ие, өйткені мұндай процестер құқықтық қауіпсіздік пен дербес құқықтардың сақталуына қатысты жоғары талаптар қояды [3, 102-б.].

Халықаралық ұйымдар цифрлық кеңістікте құқықтық стандарттарды әзірлеу, мемлекеттердің қызметін үйлестіру және адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарады. Бұл ұйымдардың негізгі құралдарының бірі деректерді өңдеу мен сақтаудың жалпыға бірдей қолданылатын қағидаттарын қалыптастыру. Осындай қағидаттар халықаралық құқықтық тәртіпті нығайтуға және деректер айналымында бірыңғай әдіснамалық негізді қамтамасыз етуге бағытталған.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу процесінде талдау, син-

тез, индукция, дедукция және жүйелеу сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылып, цифрлық кеңістіктегі құқықтық құбылыстарды жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер халықаралық ұйымдардың деректерді реттеудегі рөлін және цифрландырудың құқықтық жүйеге әсерін кешенді бағалауға негіз болды. Арнайы ғылыми әдістер қатарында салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық және тарихи әдістер пайдаланылды. Зерттеудің материалдық базасын БҰҰ, ДЗМҰ, ЕО сияқты халықаралық ұйымдардың нормативтік құжаттары, сондай-ақ цифрлық құқық, жасанды интеллект және үлкен деректер саласына қатысты ғылыми еңбектер мен сараптамалық зерттеулер құрады.

Зерттеудің мақсаты цифрлық трансформация жағдайында дербес деректерді қорғауды құқықтық реттеудің жаһандық жүйесін қалыптастырудағы БҰҰ, Еуропалық Одақ және өзге де халықаралық ұйымдардың рөлін талдау, сондай-ақ құпиялылықты қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарын дамытудың негізгі бағыттарын және деректерді орнықты даму мүддесінде жауапты пайдалануды айқындау.

Зерттеу міндеттері:

- деректерді қорғау стандарттарын қалыптастыруда БҰҰ-ның нормативтік рөлін қарастыру;

- өңірлік реттеу тетіктерінің, ең алдымен ЕО-ның деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламентінің (GDPR) дербес деректерді қорғау саласындағы ұлттық заңнамаларды үйлестіру процесіне әсерін қарастыру;

- Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін үлкен деректерді құқықтық реттеудің халықаралық стандарттарға сәйкес жүйесін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Біріккен Ұлттар Ұйымының персоналды деректерді қорғаудағы рөлі халықаралық қағидаларды қалыптастыру, цифрлық адам құқықтарын ілгерілету және халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру арқылы көрініс табады. БҰҰ-ның ұлттық құқықтық тетіктері болмағанына қарамастан, оның қызметі стандарттарды әзірлеуге,

құқықтық сауаттылықты арттыруға және деректерді қорғаудың нормативтік жүйелерін дамытуда мемлекеттерді қолдауға айтарлықтай әсер етеді.

БҰҰ персоналды деректерді қорғауды жеке өмірдің қорғалу құқығының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл құқық 1948 жылғы Адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей декларациясының 12-бабында: «Ешкімнің жеке және отбасылық өміріне, тұрғын үйінің қауіпсіздігіне немесе корреспонденциясының құпиялылығына өз еркімен араласуға болмайды...» деп бекітілген, сондай-ақ 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің 17-бабында қамтылған.

Біріккен Ұлттар Ұйымы деректерді қорғау жөніндегі заңнамадағы өзгеріп жатқан жағдайларға байланысты туындайтын мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Ұйым цифрлық дәуірдегі жеке өмір құпиялығын қамтамасыз етуге бағытталған саясат пен стандарттарды әзірлеуге белсенді түрде қатысады. Сонымен қатар, БҰҰ-ның жаһандық деректерді қорғау жүйесін қалыптастыруға қатысуының көпжақты сипаты талданып, деректерді қауіпсіз және жауапты өңдеу тәжірибесін қамтамасыз етуге бағытталған негізгі органдар мен бастамаларға ерекше назар аударылады.

БҰҰ мен басқа да халықаралық немесе аймақтық ұйымдардың негізгі рөлдерінің бірі жаһандық қоғамдастық шеңберінде және жалпы нормаларға сәйкес даму мен гуманитарлық қызмет үшін үлкен деректерді қауіпсіз пайдалану жөніндегі ұжымдық іс-қимылдарға басшылық ету қағидаттары мен стандарттарын белгілеу болып табылады.

Бұл стандарттар деректердің тиімділігін арттыруға бағытталған. Ол үшін деректердің ашықтығы мен айқындығының жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ жеке тұлғалар мен топтар туралы мәліметтердің рұқсатсыз пайдаланылуынан туындайтын жеке өмірге қол сұғу мен адам құқықтарының бұзылуына жол бермеу көзделеді. Бұдан бөлек, өндірісте, деректерге қол жеткізуде және оларды пайдалануда орын алатын теңсіздікпен күресу де аталған стандарттардың мақсаттарының бірі болып табылады.

Тұрақты даму мүддесіндегі деректер саласындағы революция мәселелері жөніндегі Бас хатшының тәуелсіз сараптамалық кеңестік тобы аталған мәселелерді шешу жолдарына қатысты нақты ұсынымдар әзірледі. Сонымен қатар, бұл топ БҰҰ басшылығымен деректер саласындағы революцияның жетістіктерін тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдалануға бағытталған іс-қимылдарды айқындады.

1. Деректерге қолжетімділік саласындағы алшақтықты жоюға бағытталған инновациялық тәсілдерді әзірлеу.

2. Дамыған және дамушы мемлекеттер арасындағы, сондай-ақ деректерге қолжетімділігі бар және ондай мүмкіндіктен айырылған тұлғалар арасындағы теңсіздікті еңсеру мақсатында ресурстарды жұмылдыру.

3. Деректер саласындағы революцияның нәтижелерін тұрақты даму мақсаттарына пайдалану үшін көшбасшылық танытып, үйлестіру іс-шараларын қамтамасыз ету.

БҰҰ даму тобы жеке сектор кәсіпорындары тарапынан 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібін іске асыруға бағытталған бағдарламалар шеңберінде нақты уақыт режимінде жиналатын ірі деректерге қатысты құпиялық, деректермен жұмыс істеу қағидаттары және оларды пайдалану тәртібі жөнінде жалпы басшылық құжат жариялады.

2017 жылғы қаңтарда өткен алғашқы БҰҰ Дүниежүзілік деректер форумына деректерді пайдаланушылар, мемлекеттік және жеке сектор кәсіпорындарының өкілдері, саясаткерлер, ғалымдар мен азаматтық қоғам өкілдерін қоса алғанда, 1400-ден астам адам қатысқан. Форумда деректерді тұрақты дамуды қамтамасыз етуге пайдалану жолдары талқыланды. Іс-шара барысында Тұрақты даму саласындағы деректер жөніндегі Кейптаун ғаламдық іс-қимыл жоспары іске қосылды.

2017 жылдан бастап БҰҰ Дүниежүзілік деректер форумының қауымдастығы едәуір өсті: Кейптаун мен Дубайда өткен алғашқы екі форумның 2000 қатысушысынан қазіргі таңда 20 мыңнан астам мүдделі тарапты қамтитын белсенді тізімге жетті. Бұл өсу 2020 жылы өткізілген ашық және қолжетімді виртуалды форумдар, сондай-ақ 2021 жылы Швейцарияның Берн қаласында, 2023

жылы Қытайдың Ханчжоу қаласында және 2024 жылы Колумбияның Медделин қаласында ұйымдастырылған гибридік форматтағы форумдардың арқасында жүзеге асты<sup>1</sup>.

БҰҰ әр Дүниежүзілік деректер форумынан кейін талқылаулардың барысы мен деректер және статистика мәселелері бойынша пікірлерді көрсетін қорытынды құжат жарияланады, сондай-ақ мүдделі тараптар қауымдастығының амбициялары айқындалады. Кейптаун ғаламдық іс-қимыл жоспарын Дубай декларациясы (2018) алмастырды, ол жоспардың жүзеге асырылуын қолдау үшін инновациялық қаржыландыру механизмін құруға шақырды.

«COVID-19 пандемиясына жаһандық деректер қауымдастығының жауап шаралары» (2020) және «Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша он жылдық іс-қимыл туралы» Берн келісімі (2021) сияқты құжаттар қабылданды. Олар ресми статистиканы және ұлттық статистикалық басқармаларды пандемия кезеңінде, сондай-ақ жалпы деректер экожүйесінде тиісті деңгейде орнықтыруды қамтамасыз етуге бағытталды. 2023 жылы Ханчжоу декларациясы қабылданып, әлемдік қауымдастықты Кейптаун ғаламдық іс-қимыл жоспарын іске асырудағы прогресті жеделдетуге міндеттеді.

БҰҰ-мен қатар персоналдық деректерді қорғау жөніндегі заңнаманы қалыптастыруда ерекше рөл атқаратын бірқатар ұйымдар да бар, олардың қызметі ынтымақтастық пен қайшылықтардың күрделі өзара байланысын көрсетеді. Сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Интернет бойынша атаулар мен нөмірлерді тағайындау корпорациясы (ICANN) және өңірлік институттар сияқты өзге де негізгі ұйымдардың деректерді қорғауды құқықтық реттеудің жаһандық стандарттарына ықпал ету контекстіндегі үлесін қарастыруды ұсынамыз.

1. Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ): Сауда мен құпиялықты үйлестірудегі рөлі: ДСҰ дәстүрлі түрде сауда мәселелерімен байланысты болғанымен, қазіргі кезеңде дербес деректерді қорғауға қатысты талқылауларға белсенді түрде қатысып отыр. Цифрлық сауданың кеңеюіне байланысты ұйым транс-

шекаралық деректер ағынын жеңілдету мен жеке тұлғалардың жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығын қамтамасыз ету арасындағы үйлесімді тепе-теңдікті айқындауға ұмтылды. Қызметтер саудасы жөніндегі Бас келісім (ГАТС) секілді ДСҰ құжаттары деректерді қорғау саласымен түйісіп, мемлекеттердің халықаралық сауда жағдайында деректерді өңдеу тәсілдеріне ықпал етті.

2. Интернет атаулары мен нөмірлерін тағайындау корпорациясы (ICANN): Домендік атаулар жүйесін (DNS) басқару: ICANN, интернеттің ғаламдық домендік атаулар жүйесін үйлестіруді қамтамасыз ететін ұйым ретінде, деректерді қорғауға айтарлықтай үлес қосады, домендік атауларды бөлу және басқару процесін реттейді. Ұйымның саясаты онлайн ақпараттың қолжетімділігі мен қауіпсіздігіне әсер етіп, доменді тіркеу барысында жеке деректердің өңделуіне тікелей ықпал етеді. ICANN үшін басты басымдықтардың кейбірі мыналар болып табылады:

- деректерді қорғау және құпиялықты қамтамасыз ету жөніндегі ICANN бастамалары мен жобаларын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін платформа құру және оны қолдау, сондай-ақ орталықтандырылған стратегияны әзірлеу және іске асыру;

- деректерді қорғау және құпиялыққа қатысты әртүрлі бастамалар жөніндегі ақпаратты біріктіру үшін құрылым жасау [4, 26-27 б.].

3. Аймақтық органдар: Еуропалық Одақ (ЕО) және Жалпы деректерді қорғау регламенті (GDPR).

Еуропалық Одақ интернет тарихында жаңа тарауды ашты, өз жоспарын жасай отырып, оны басқа мемлекеттер мен ұйымдар зерттейтін болады, себебі олар да жеке тұлғалардың деректерін қорғау құқықтарын басқа құқықтармен және бизнес пен үкіметтің заңды мүдделерімен дұрыс теңестіре алуға ұмтылады.

Еуропалық Одақ интернет тарихында басқа мемлекеттер мен ұйымдар мұқият зерттейтін жоспар құра отырып, жаңа тарау ашты, өйткені олар жеке тұлғалардың деректерді қорғау құқықтарын олардың басқа құқықтарымен және бизнес пен үкіметтің заңды мүдделерімен дұрыс теңестіруге тырысады.

<sup>1</sup> Большие данные. URL: <https://www.un.org/global-issues/big-data-for-sustainable-development> (жүгінген күні: 20.11.2025).

Еуропалық Одақ Хартиясының 8-бабы деректерді қорғау нормаларының жан-жақты жүйесіне кепілдік береді және осы жүйенің негізгі элементтері тәуелсіз қадағалау болған кезде нақты айқындалған мақсаттарда дербес деректерді өңдеуде әділ және заңды қағидалары болып табылатынын айқын растайды [5, 180-б.]

Жеке деректерді пайдалануды бақылау үшін Еуропа елдері деректерді қорғаудың жалпы ережесін (GDPR) қабылдады. 99 баптан тұратын бұл деректерді қорғау туралы заң әлемдегі ең қатаң қауіпсіздік нұсқаулығы болып саналады. 2018 жылы енгізілгеннен бері GDPR дербес деректерді реттеудің заманауи тәсілін ұсынады. Заң ЕО азаматтарының ақпаратымен жұмыс істейтін әрбір компанияға, компанияның қай жерде орналасқанына немесе деректер жиналатын жерге қарамастан қолданылады. Жеке деректерді пайдалануды бақылау мақсатында Еуропалық елдер жеке деректерді қорғаудың жалпы ережесін (GDPR) қабылдады. 99 баптан тұратын бұл деректерді қорғау туралы заң әлемдегі ең қатаң қауіпсіздік нұсқаулығы болып саналады. 2018 жылы енгізілген сәттен бастап GDPR дербес жеке деректерді реттеудің заманауи тәсілін ұсынады. Бұл заң ЕО азаматтарының ақпаратымен жұмыс істейтін әрбір компанияға, компанияның қай жерде орналасқанына немесе деректер жиналатын жерге қарамастан қолданылады.

Әлем елдерінің үкіметтері көбінесе GDPR талаптарын үлгі ретінде ала отырып, деректерді қорғау заңдарын біртіндеп жақындастыра бастады.

Жеке деректерді қорғаудың жалпы ережесі (GDPR) - бұл дербес деректердің қауіпсіздігін сақтауға және оларды жауапкершілікпен пайдалануды басқаруға бағытталған деректерді бақылау ережелерінің қатаң жиынтығы. Бұл деректердің құпиялылығы туралы заңдар Еуропалық Одақ азаматтарының ақпаратымен жұмыс істейтін компанияларға қолданылады. Дегенмен, бүкіл әлемдегі ұйымдар деректерді сенімді өңдеуге және тұтынушылардың сенімін арттыруға көмектесу үшін GDPR сәйкестігін ала алады.

Ереже дербес деректерді басқару нормаларын білдіретін жеті негізгі қағидаға негізделген:

- деректерді жинау процесінде заңдылық, әділдік және ашықтық;
- деректерді пайдалану мақсаттарының шектелуі;
- жиналатын деректер көлемін азайту;
- барлық жиналған деректердің дәлдігі мен өзектілігі;
- деректерді сақтау мерзімін шектеу және олар қажетсіз болған жағдайда жою;
- процестің тұтастығы мен құпиялылығы;
- жауапкершілік және GDPR талаптарына сәйкестікті дәлелдей алу мүмкіндігі.

Жеке деректерді қорғаудың жалпы ережесі (GDPR) арқылы Еуропалық Одақ деректерді қорғау саласындағы аймақтық заңнаманың жаңашылығын көрсетеді. GDPR құпиялылық құқықтарының жоғары стандарттарын белгілеп, жеке деректерді өңдейтін ұйымдарға міндеттемелер жүктейді. Оның шекаралық әсері бүкіл әлемдегі бизнестің қызметіне ықпал етіп, аймақтық органдардың халықаралық нормаларды қалыптастыруға әлеуетті әсерін айқын көрсетеді.

Еуропа Кеңесі аясында құрылған автоматтандырылған деректерді өңдеу және жасанды интеллекттің әртүрлі формалары (MSI-AUT) бойынша сарапшылар комитеті алгоритмдік жүйелердің адам құқықтарына әсері туралы ұсыныстар жобасын жариялады<sup>2</sup>.

Жеке компаниялар жеткізетін алгоритмдік жүйелерден басқа құжатта дәстүрлі түрде мемлекеттік органдар орындайтын функциялардың толық немесе ішінара тәуелділігі туралы жеке айтылады (мысалы, көлік немесе телекоммуникация саласында). Бұл ұсыныстар әсіресе Қазақстан үшін Sergek қалалық бейнебақылау жүйесін орналастыру контекстінде өзекті болып табылады.

Мемлекеттер алгоритмдік жүйелерді кез келген жобалау, әзірлеу және қолдану адамдарға олардың деректерін өңдеу (оның мақсаттары мен ықтимал салдарын түсінуді қоса алғанда) және олардың деректерін пайдалануды бақылау тетіктері туралы алдын ала ақпарат алуға мүмкіндік беретініне кепілдік

<sup>2</sup> Draft Recommendation of the Committee of Ministers to member States on the human rights impacts of algorithmic systems, November 2019 // URL: <https://rm.coe.int/draft-recommendation-of-the-committee-of-ministers-to-states-on-thehu/168095eefc>.

беруі керек. Бұдан басқа, адам құқықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияға сәйкес өз міндеттемелерін орындау үшін мемлекеттер алгоритмдік жүйелерді пайдалануға байланысты олардың құқықтары бұзылған жағдайда азаматтардың қарамағына тиімді құқықтық қорғау құралдарын ұсынуы тиіс.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы үлкен деректерді дамытудың жаңа мәселелерін зерттеудің маңызды тұжырымдамалық және аналитикалық әрекеттерін жасайды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы «жеке өмірге қол сұғылмаушылықты және дербес деректердің трансшекаралық ағындарын қорғау жөніндегі нұсқаулықты» 2013 жылы құжатта жеке өмірге қол сұғылмаушылықты қамтамасыз етудің мынадай қағидаттары қамтылған: жеке тұлғаның білімі мен келісімінен алынатын дербес деректерді әділ, заңды және шектеулі жинау; деректер өңдеу мақсаттарына сәйкес жиналады, олардың толықтығы мен өзектілігі қамтамасыз етіледі; деректерді жаңа мақсаттар үшін пайдалану бастапқы өңдеу мақсатымен үйлесімді болуы керек немесе дербес деректер субъектісінің ақпаратты пайдаланудың немесе ашудың жаңа түрлеріне келісімі талап етіледі; деректерді қорғау үшін ақылға қонымды қауіпсіздік шаралары пайдаланылады және барлық деректер операторларының есептілігі қамтамасыз етіледі.

Цифрландыру үдерісі жеке тұлғаға қатысты ақпараттың кең ауқымда жинақталуы мен өңделуіне алып келіп, оның әртүрлі жеке және институционалдық субъектілерге қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Мұндай жағдай жеке адамның дербестігі мен еркіндігіне төнетін қауіптердің артуымен сипатталады. Ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктің ауқымды дамуы азаматтар үшін деректерді пайдалану мен алмасудың жаңа мүмкіндіктерін ашқанымен, цифрлық ортада қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін өзекті ете түсуде, әсіресе киберқылмыстарға қарсы құқықтық тетіктердің жеткіліксіздігі байқалады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың қарқынды таралуы қоғам өмірінің түрлі салаларында адамның технологияларға тәуелділігін күшейтуде. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі заман жағдайында қоғамның болашақ

даму векторларын, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қатынастардың трансформациялануын және қолданыстағы құқықтық нормалардың қалыптасқан жаңа әлеуметтік шынайылықтарға сәйкестігін кешенді бағалау қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттарын сақтауды, цифрландыру жағдайында адам мен азаматтың құқықтарын тиімді қорғауды, азаматтық қоғам институттарын нығайтуды, сондай-ақ аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін халықаралық және ұлттық құқықтық реттеуді жетілдіруді талап етеді [6, 86-б.].

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында ең жоғары қауіп-қатерге ұшырайтын іргелі құқықтардың бірі - жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы болып табылады. Big Data, жасанды интеллект және деректерді жаппай өңдеу құралдарының кеңінен қолданылуы қысқа уақыт аралығында ауқымды көлемдегі ақпаратты жинау, сақтау және талдауға мүмкіндік беріп, бұл құқықтың мазмұны мен жүзеге асырылуына елеулі ықпал етеді. Сонымен қатар, дербес деректердің заңсыз таралу қаупі, ақпараттық қауіпсіздік инфрақұрылымының әлсіз тұстары, цифрлық кеңістіктегі құқыққа қайшы мінезқұлықтың артуы, сондай-ақ жеке тұлғалар туралы ақпараттың экономикалық айналымда коммерциялық мақсатта шамадан тыс жиналуы жеке өмірге қатысты мәліметтердің жариялылыққа ұшырау ықтималдығын күшейтеді.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында жеке тұлғаның құпиялылықты сақтау құқығы, соның ішінде анонимді болу құқығына мазмұндық жағынан жақын құқық ретінде, ерекше өзектілікке ие болуда. Аталған құқық жеке тұлғаға өзіне қатысты дербес ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етуді талап етуге, мұндай мәліметтерді өңдейтін субъектілерге оларды қорғау жөнінде міндет жүктеуге, сондай-ақ жеке өмірге қатысты ақпаратты жинаудан және пайдаланудан бас тартуды талап етуге құқықтық негіз қалыптастырады.

Қазіргі цифрлық ортада адам күнделікті қызметі барысында әртүрлі ақпараттық платформаларда белгілі бір деректер қалдырады, олар сандық кеңістікте «цифрлық іздер» (digital footprint) ретінде айқындалады. Осы

деректерді жасанды интеллект пен алгоритмдік талдау құралдарының көмегімен жинақтау және өңдеу нәтижесінде жеке тұлғаның цифрлық портреті қалыптасады. Мұндай портрет адамның мінез-құлық ерекшеліктері, әлеуметтік мәртебесі, коммуникациялық байланыстары, жеке қызығушылықтары мен әдеттері туралы терең әрі жүйелі ақпарат беруге қабілетті, кей жағдайларда ол дәстүрлі жеке әңгімелесу немесе психологиялық тестілеу арқылы алынатын мәліметтерден де нақтылырақ болуы мүмкін [7, 176-б.].

Цифрлық ортада жеке тұлғаға қатысты барлық ақпараттың кең көлемде жинақталуы мен өңделуі олардың әртүрлі жеке және корпоративтік субъектілер үшін қолжетімді болуына әкеліп соғады [8, 86-б.], бұл өз кезегінде адамның жеке еркіндігі мен дербестігіне төнетін қауіптердің күшеюімен сипатталады. Сонымен қатар, интернет-ресурстарда орналастырылған жекелеген ақпарат пайдаланушы үшін елеулі маңызға ие болған жағдайда, оған қол жеткізу көбінесе алдын ала белгіленген талаптармен келісуді шарттайды. Мұндай жағдайда тұлға ақпаратты тұтыну мүмкіндігін сақтау мақсатында ұсынылған шарттарды қабылдауға мәжбүр болады, ал келісім беруден бас тарту тиісті ақпаратқа қолжетімділікті шектейді. Осы тұрғыдан алғанда, сайттарда бекітілетін «құпиялылық саясаты» пайдаланушының ақпаратқа қол жеткізу құқығы мен интернет желісіне қол жеткізу еркіндігіне ықтимал шектеу қоятын фактор ретінде, құқықтық бағалауды талап ететін құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс.

Ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына қарамастан, цифрлық ортада қалыптасып жатқан жаңа қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың аталған өзгерістерден кешеуілдеуі жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығының нақты жүзеге асырылуына қатысты мәселені өзекті етеді. Қазіргі жағдайда жеке тұлғаның интернет кеңістігіндегі кез-келген іс-әрекеті сандық із қалдырып, деректерді жаппай жинау мен талдауға негізделген Big Data тетіктері арқылы тіркеліп, ұзақ мерзімге сақталады. Мұндай ахуал жеке өмірдің құпиялылығының іс жүзінде қамтамасыз етілуіне күмән келтіруге

негіз береді.

Осыған байланысты, құқықтық реттеу тетіктері цифрлық шынайылыққа бейімделген жағдайда, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы тек формальды түрде танылған, мазмұндық жағынан жеткілікті қорғалмаған декларативтік категорияға айналу қаупі туындайды. Бұл құқықтың конституциялық кепілдік мәртебесін сақтай отырып, цифрлық ортада нақты жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін оны құқық қолдану практикасында жаңаша түсіндіру және тиімді құқықтық механизмдермен толықтыру қажеттілігі айқын байқалады.

Цифрлық технологиялар мен Big Data негізінде қалыптасып келе жатқан электрондық бақылау жүйелерінің дамуы орта мерзімді перспективада мемлекет пен құқықтың мәні туралы дәстүрлі теориялық түсініктерді қайта қарауды талап етеді [9, 104-б.]. Осы тұрғыда А.И.Овчинниковтің «қазіргі кезеңде құқықтану ғылымының алдында адамзатты цифрлық өркениеттің технократиялық парадигмасының үстемдігінен қорғау міндеті тұр» деген ғылыми көзқарасы өзектілігін сақтайды [10, 93-б.]. Жасанды интеллект технологияларын кеңінен қолдану, кредиттік тарихтардың жинақталған дерекқорларын қалыптастыру, азаматтар туралы кешенді ақпарат жинау, оның ішінде ұлттық ДНҚ базалары, тұлғаны автоматтандырылған сәйкестендіру жүйелері мен бейнебақылау инфрақұрылымын дамыту қазіргі заманғы цифрлық бақылау архитектурасының негізгі элементтері ретінде айқындалады. Аталған құралдардың енгізілуі мемлекетке қоғамдық және ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде террористік қатерлердің алдын алуды қамтамасыз етуге елеулі мүмкіндік береді. Сонымен қатар, егер мұндай кешенді бақылау тетіктері нақты құқықтық шектеулермен және пропорционалдылық қағидатымен жеткілікті түрде реттелмесе, бұл жеке тұлғаның дербестігін шектеуге және жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығының әлсіреуіне әкеп соғуы мүмкін. Бұл жағдай цифрлық ортада жеке өмірдің дербестігі формальды түрде сақталғанымен, іс жүзінде айтарлықтай шектелуі мүмкін екенін көрсетеді. Осыған байланысты, қазіргі цифрлық қоғам жағдайында негізгі құқықтық міндеттердің бірі – мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның

